



ТУРАЛЫ- ҚАЗАЛЫ

№82
(2253)
Сәрсенбі
2 қазан
2024 жыл



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АРДАҚТЫ АРДАГЕРЛЕР!



Қадірлі аға буын өкілдері!
Сіздерді 1 қазан – Халықаралық қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Елімізде ақсақалдар – елдік пен еңбектің, өнегелі өмір тәжірибесінің қайнар көзі, бастау бұлағы. Үлкендеріміз әрдайым елді береке-бірлікке, тату тірлікке жұмылдыра білген. «Қарты бар елдің қазынасы бар» деген аталы сөз осыдан қалса керек.

Расында, қазыналы қарттарымыздың батысы, тағылымды ісі, елінің, туған жерінің өсіп-өркендеуіне қосқан өлшеусіз үлесі, еңбек жолы – бір сөзбен айтсақ, бүкіл болмысы тұнып тұрған тарих.

Сондықтан да тамырын тереңге тартқан дәстүрімізден жаңылмай, қазыналы қарияларымызды құрметтеу – біздің азаматтық парызымыз!

Сіздерді бүгінгі мерекелеріңізбен тағы да құттықтай отырып, өздеріңізге ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке мен ырыс-несібе тілеймін!

Ізгі ниетпен,
Қазалы ауданының әкімі
Мейрамбек Шермағанбет

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІ ЕЛОРДА ЖӘРМЕҢКЕСІНДЕ

Астана қаласында Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы өнімдерінің екі күндік жәрмеңкесі өткізілді. Жәрмеңке «Қазанат» ипподромына қарама-қарсы Қарқаралы тас жолында өтті.

Елорда төріндегі жәрмеңкеге Қазалы ауданының да ауыл шаруашылығы өнімдері жеткізіліп, арқа төріндегі ағайынға тиімді бағада ұсынылды. Әсіресе, брендке айналған «Қазалы конфеті» мен «Дәмді» сүт өнімдері

көпшіліктің сұранысына көптеп ие болды.

Еліміздің бас қаласында өткен жәрмеңкеге Қазалы ауданынан 40 тоннаға жуық ауыл шаруашылығы өнімдері жеткізілді. Нақтырақ айта кетсек, 15 тонна күріш өнімі, 11 тонна балық өнімдері, 8,8 тонна сүт өнімдері (сүт, айран, сүзбе, қаймақ, құрт), 200 кг шұжық пен 1 тоннадан астам «Қазалы конфеті» және басқа да бау-бақша өнімдері жеткізілді.

АУДАН ӘКІМІ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТЫҢДАДЫ



Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдау кестесіне сәйкес кезектілік тәртібімен азаматтарды қабылдады.

Тұрғындардың басым көпшілігі білім берусаласы және тұрғын үй мен жер кезегі, жұмысқа орналасу мәселелерін қозғады.

Қабылдауға келген әрбір азаматтың сауалдары назардан тыс қалмай, аудан әкімі мен жауапты мамандар тұрғындарға мәселелердің заң аясында шешілу жолдарын түсіндірді.

Қабылдауда аудан әкімі мұғалім мамандығына жұмыс сұраған азаматтарға, бұл мәселе заң аясында, конкурс арқылы шешілетінін жеткізді. Ал тұрғын үй мен жер кезегі мәселесін көтерген тұрғындарға заңдылығын түсіндіріп, кезектілікке сәйкес берілетіндігін айтты.

Жеке қабылдауға аудандық мәслихаттың төрағасы, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ғазиз Әліш қатысып, кейбір сұрақтарға қатысты өзінің ойын жеткізді.

Еске салайық, тұрғындар аудан әкімінің қабылдауына е-otinish бірыңғай базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш беру арқылы жазыла алады.

СЕНБІЛІК – ТАЗАЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ

Қазалыда «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында күзгі санитарлық тазалық жұмыстары қызу жүргізілуде. Аудан орталығы мен барлық ауылдық округтерде сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды.

Сенбілікте Әйтеке би кентіндегі тазалық жұмыстарын жүргізу үшін арнайы бөлінген 7 аймақ пен барлық орталық көшелер, кенттің сыртқы және ішкі аумақтарындағы қоқыстар мен күзгі жапырақтар тазартылып, бордюрлар әктеліп, қоршауларды сырлау жұмыстары жүргізілді.

Тазалық жұмыстарына мекемелер қызметкерлерімен қатар аудан тұрғындары да ұйымшылдықпен қатысып, аулаларымен көшелерді қоқыстардан тазартып, өз үлестерін қосты.

Әйтеке би кентіндегі сенбілік жұмыстарын аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет аралап көрді. Ау-



дан басшысы сенбілік жұмыстарын аралау барысында орталық базар, теміржол вокзалы, В.Счастнов көшесі бойындағы көп қабатты үйлердің аулаларына барып, тазалық жұмыстарына қатысты Әйтеке би кентінің әкіміне бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Сонымен қатар, аудан басшысы «Жеңіс» саябағы мен орталық алаңды абаттандыру жұмыстарын көріп, мердігерлермен жауапты басшыларға жұмыстарды жеделдетуді тапсырды.

Қазалы ауданы
әкімдігінің
баспасөз қызметі

АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ҚАРАСАҚАЛ ШАҒЫРАЙ БАТЫР

Қазақ батырлары біздің ұлттық рухымыз, намысымыз. Өкініштісі, батыр бабаларымыздың барлығы бірдей халыққа толық танылды дей алмаймыз. Міне, осындай батырлардың бірі – Шағырай Мырзакелдіұлы.

Шағырай батыр 1710-1711 жылдар аралығында Арал теңізінің батысындағы қазіргі Ақтөбе облысының «Жем» өзенінің бойындағы «Шағырай үстірті» маңында дүниеге келіп, Сыр бойында, қазіргі Қызылорда облысы, Қазалы ауданында өмір сүрген. Шағырайдың әкесі Мырзакелді батыр ел қорғаны болған айтулы ер. Сонау XVIII ғасырдың ортасында, яғни 1748 жылы 15 қазанда Сыр бойында хандық құрған даңқты батыр хан Қайып хан ұлының хан сайлауына қатысқан Қарасақал елінің бас көтерер нар тұлғасы Мырзакелді батыр Құдайсүгірұлы. Мырзакелді батырдың бейіті Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, «Жаңақала» аулының солтүстік шығысындағы Қуанның бойындағы «Мырзакелді сайы» атты жерде жерленген.

Шағырай батыр есімі халық арасында Қарасақал руының ұраны ретінде белгілі. Кезінде белгілі тарихшы Құрбанғали Халид, былай жазған еді:

-«Қазақ халқының «ұран» дейтін сөздері бар. Бұл «орнат» деген сөзден алынған. Қыздыру, жиналу, қайрат беру мағынасында айтылады. Бұл тайпалар көмек шақыру орнына, я Аллаһ, әуелде болған пәленше бабамыз сияқты біздің бағымызды үстем ет деп жалбарынып, өздерінің атақты батыр, ел бастаған зиялы адамдарының атын атап, айқайлап шақырады. Әр рудың өзіне тән ұраны болады». Сөйтіп, ұранға айналу кез келген жұмыр басты пенденің пешенесіне бұйыра бермеген. Шағырай батырдың Қарасақал руының ұранына айналуын көптеген дуалы ауыз ақсақалдар растаған.

Шағырайдың тарих сахнасына көтеріліп, саяси белсенділігімен көзге түсуі XVIII ғасырдың бірінші жартысына сәйкес келеді. Бұл кезең ел егемендігін сақтап қалу жолында халқымыздың сыртқы жауларға қарсы күресімен ерекшеленеді. Елімізге батыста Еділ қалмақтары, шығыста жоңғарлар айрықша қауіп төндірді. Міне, осы қалмаққа қарсы соғыста Шағырай батыр мен замандас Сыр бойының қаншама даңқты

ерлері ерен ерліктерімен көзге түсіп, батыр болмысымен танылды. Олар Шағыраймен бір дәуірде өмір сүрген үзеңгілес тұлғалар. Олар ұлт тағдыры таразыға тартылған сын сағаттағы талай қан кешу шайқастар мен ел ертеңі сарапқа салынған келелі кеңестерге бірге қатысқан.

Шағырай батырдың Қарасақал руына ұран болуы қалмаққа қарсы күреспен байланысты болған. Бұл орайда қазақтың атақты тарихшы ғалымы Шоқан Уәлихановтың ғасырды ерлік дәуірі деп бағалауы тегін емес. Алайда Кеңес Одағының солақай саясаты әруақты қазақ батырларының ерен ерліктерін еске түсіріп, сайын даланың бүркіт мінез ұлдарын кеңінен дәріптеуге жол бермеді. Өйткені батырлар тарихын зерттеп, насихаттау халқымыздың ерлік һәм жауынгерлік рухын оятып, ел есіне егемендікті түсірер еді.

Шағырай батырдың тегі Кіші жүз, Қаракесек бірлестігі, Әлімұлы, Қарасақал руынан. Қарасақал руы малдың жайымен жазда Қарақұмда, Ырғыз, Торғайға дейін, күзде-қыста Қызылқұмның Жаңадария бойы, Бируни, Үшқұдық, Тамды, Дәуқара, Самарқан, Бұқараға дейін көшкен. Осы рудың бір бөлігінің отырған жерлері «Қалыңбас» деген үлкен болыстық пен Қарақалпақтың Дәуқара өңірі аралығы. Қазіргі Қармақшы ауданының Алдашбай ахун, Қуандария, Жаңақала ауылдарының, Сулы қасқа, Нысан қазған, Ноғай, Шағай, Дәуқара, Қуаң өзенінің бойында Қарасақал руының «Қалыңбас» болысының халқы отырған. Қарасақал руын батырлар елі деп атаса болады. Өйткені осы рудан батырлар шыққан.

Қазақтың алтын заманы аталған, даңқты Тәуке хан Жәңгірұлы билігі кезінде дүние есігін ашқан бала Шағырайдың жастық шағы сол тұстағы қатал жаугершілік заманға сай қалыптасып жетілді. Ел іргесіне зобалаң салған қалмақ шапқыншылығын көріп өскен бала батыр жастайынан құба қалмаққа қарсы күресте көзге түсіп, ерлігімен таныла бастаған. Ол жоңғарға қарсы күресте халықтың күшін біріктіріп, жұдырықша жұмылдыруды көздеген Кіші жүз ханы Әбілқайыр хан Айтық қажы ұлының, Батыр хан Қайып хан ұлының тұсындағы қазақ-қалмақ, қазақ-жоңғар

шайқастарына қатысқан болуы керек. Тарихшы Шәкәрім Құдайбердіұлы айтқандай қазақ халқының үштен екісін құрбан еткен «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» да тыс қала алмады. Яғни, ел басына күн туған сын сәтінде Шағырай батыр халқының қорғаны бола білді.

Шағырай батыр орта бойлы, төртпақ денелі адам болған. Бір күні елдің жақсылары мен жайсаңдары ат арылтып, жолшыбай батырдың аулына іздеп келеді. «Шағырай батырдың аулы ма? Батыр қайда екен?»-деп сұраса, желі басында бие саудырып жүрген орта бойлы кісіні көрсетіпті. «Батыр-батыр» дегені осы кісі болса, қанша жерден босқа келген екенбіз»-деп аттарының басын бұрып жүре берген кезде, артқы жақтан оқыс жеткірілген дыбысқа өздері селк ете қалыпты. Сол кезде үлкендері ес жиып, «біз қателескен екенбіз, бұл кісі әруақты кісі екен ғой, бойын жасырып жүретін», - деп аттарынан түсіп сәлем беріп, кешірім сұрап, танысып, әңгіме дүкен құрып, қонақ болған екен.

Шағырай батыр әрі билігімен де аты шыққан. Сан ғасырлар бойы қазақ халқының қоғамдық өмірінде әділеттілікті сақтау мен құқықтық қатынастарды дамытуда, құқықтық-саяси сана мен мәдениеттің дамуына от ауызды, орақ тілді билер белсенді ықпал еткенін тарихтан білеміз. Қазақ билерінің өздеріне тән ерекшеліктерінен басқа халықтарда кездеспейтін қасиеті - дау - жанжалдарды мағыналы, шешендік сөздермен шешуі. Осындай билердің бірі Шағырай батыр болған.

Шағырай батырдың атында Қарақалпақстанда, Қызылорда облысы, Қазалы, Қармақшы аудандарында «Шағырай құдығы», «Шағырай қыстауы» және «Шағырай ұйтамы» деген атаулар кездеседі.

Шағырай батырдың Бурабай батыр, Түйебай батыр, Жеке батыр, Жауғашар батыр, Дәуіт батыр, Сиқым атты балалары болған. Бұл күнде осы алты ұлынан өрбіген ұрпақтары Өзбекстан Республикасында, Қарақалпақстан автономиясында және Астана, Алматы, Жамбыл, Шымкент, Ақтау, Атырау, Қызылорда облыстарында, Арал, Қазалы аудандарында, Қызылорда, Төретам, Байқоңыр қалаларында тұрады.

Даңқты Шағырай батыр

Мырзакелдіұлы 80 жасында, 1790 жылы қайтыс болған. Батырдың бейіті Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Қуандария ауылының маңайында. Бүгінде батыр ұрпақтары Қызылорда облысы, Қармақшы ауданындағы бейітін көтеріп, ескерткіш тақта орнатты.

Шағырай ұзақ өмір сүріп, биік төбе басына оңаша жерленген. Маңында басқадай бейіттердің орны көрінбейді. Күмбездері іштеріне құлап, кісі бойы ақ төбе болып қалған. Сондықтан ішінде қанша адам жерленгені беймәлім күйінде. Киелі Қармақшы ауданында Шағырайдың баласы Түйебай батырдың ұйтамы, Бейбіт бидің бейітінің орны, Самырзаұлы Наймантай бидің ұйтамы бар. Қуандария ауылының солтүстік бетіндегі 15 шақырым жерде орналасқан Шағырайұлы Түйебайдың ұйтамының ұзындығы мен ені бірдей жеті метр, биіктігі алты метр шамасында болса, қабырғасының қалыңдығы бір метрден астам болған. Күмбезделген ұйтамның жауынмен күмбезінің жоғарғы бөлігі ішіне құлаған. Ішінде екі үлкен адамның және бір кішкене баланың сыпасы бар. 2015 жылғы маусым айының 2-6 күндері аралығында Мырзакелдіұлы Шағырай батырдың ұрпақтары құлаған ұйтам орнының сыртынан селикат кірпіштен ұзындығы-ені бірдей 8 метрлік төртқұлақ кесенесін салды. Мал сойылып, садақа беріліп, Құран бағышталды. Алла Тағала Раббым қабыл ете гөр.

2024 жылы облыстық ономастикалық комиссияның шешімімен Қазалы ауданының орталығы Әйтеке би кентінен жаңа ашылған көшенің біріне тарихи тұлға Мырзакелдіұлы Шағырай батыр есімі берілді. Батыр рухына арнап құран-хатым оқылып, халыққа ас-садақа берілді.

Шағырай батырдың Қазақ елінің тәуелсіздігін сақтау жолындағы ерлік істері ұрпаққа үлгі әрі өнеге болмақ. Сондықтан Мырзакелдіұлы Шағырай батыр Республикалық деңгейдегі тарихи тұлғалар тізіміне енгізілсе дұрыс болар еді.

Бақытжан АХМЕТБЕК,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
аға оқытушысы,
педагогика
ғылымдарының магистрі,
тарих және қоғамдық
ғылымдар академиясының
академигі

ОБЛЫСТЫҚ ЖУРНАЛИСТЕР СЕМИНАРЫ



Қазіргі уақытта заман ағымына сай медиа саласының жаңа қырлары ашылып, еліміздегі журналистика саласы даму үстінде.

Осы орайда Қызылорда облысында «Түркітілдес журналистер қоры» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен журналистерге арналған семинар – тренинг өтті.

«Іскерлік Журналистика: Қаржылық сауаттылық»

тақырыбында өткізілген семинар-тренингте Түркітілдес журналистер қорының президенті, медиа тренер Нәзия Жоямергенқызы, Naluk Bank Қызылорда филиалының директоры Салим Туkenov қазіргі таңда белең алған «Интернеттегі алаяқтық және оның алдын алу жолдары» жөнінде дәріс жүргізіп, баяндама жасады.

Сондай-ақ, жас медиа тренерлер Бауыржан Гаппаров пен Ерсұлтан Хожа-

лепес «Журналистикадағы жасанды интеллект және YouTube» тақырыбында медиа саласында қолданылатын компьютерлік бағдарламаларды тәжірибе жүзінде көрсетіп, семинарға қатысушы журналистерге тапсырма беріп, семинардың қызықты өтуіне септігін тигізді.

Екі күнге созылған семинар-тренингте журналистер біраз ақпараттар алып, алдағы уақытта журналисти-

ка саласына тың серпіндер жасауға үлкен мүмкіндіктер алды. Жиын соңында жобаға қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды.

Айта кетейік, бұл семинар-тренинг жыл басынан бері еліміздің түкпір-түкпірінде өткізіліп келеді. Бұл жобаның негізгі мақсаты – қазақ тіліндегі хабар тарататын БАҚ өкілдерінің кәсіби біліктілігін арттыру болып табылады.

Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»

МАЛ ҰРЛЫҒЫ ҮШІН – ЖАЗА ҚАТАҢ!

Мал ұрлығы бүгінгі күннің өзекті әрі қоғамдық мәселесіне айналып отыр.

«Мал баққанға бітеді», «Мал-жаның аман ба?» деп айтатын қазақ халқы үшін мал – отбасын асырау көзі. Алайда өзгенің ақ адал еңбегі, маңдай терімен жинаған малына сұқ көзін қадап, оңай олжаға кенелушілер саны да толастар емес.

Мал ұрлығы мемлекеттік деңгейде көтеріліп, елімізде мал ұрлығына қарсы күрестің тиімділігін арттыру үшін заңнамалық, ұйымдастырушылық және практикалық шаралар қолданылуда.

2019 жылдың 27 желтоқсанынан бастап ел Президенті мал ұрлығына қатысты жауапкершілікті күшейту қажеттігін басты назар аударған болатын. Қазіргі таңда Қылмыстық кодексте мал ұрлығы үшін жауаптылықты көздейтін арнайы бап енгізілді.

Яғни, мал ұрлығы – ірі мөлшерде; алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобымен; бірнеше рет; тұрғын үй-жайдың, мал қораның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен жасалса, олар ауыр санатқа жатқызылады.

2024 жылдың өткен мерзімінде 10 (8-2023ж) мал ұрлығы тіркеліп, оның 6 (3-2023ж) сотқа жолданса, қалған 4 (5-2023ж) құрамында қамыстың болмауына байланысты тоқтатылған.

Дегенмен, сотталушы жазасын жеңілдету мақсатында жәбірленушімен бітімгершілікке келуі арқылы қылмыстық іс тоқтатылмайды.

Мысалға, 12 тамыз 2024 жылы Қазалы аудандық сотының үкімімен сотталушылар «Б,С,А» ағымдағы жылдың қаңтар және ақпан айларында адамдар тобымен алдын ала сөз байласып, яғни Қылмыстық кодексінің, 188-1-бабы 2-бөлігі 1,2-тармақтарымен кінәлі деп танылып, 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығынан айырылған.

Қазалы ауданының прокуратурасының бастамасымен полиция қызметкерлері мал ұрлығы қылмысының алдын-алу мақсатында аудан тұрғындарымен түсінік жұмыстарын жүргізіп (фермерлік шаруашылықтардың басшыларымен кездесулер ұйымдастырып, сондай-ақ, халықты малдардың мойнына жарық шалғыстырғыш ленталарды байлау қажеттілігі ту-

ралы хабардар етті), түнгі уақытта рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ата-бабаларымыз «Сақтықта қорлық жоқ» - дегендей, бұл мәселе аудан тұрғындарының және мал иелерінің де назарында болып, төрт түлік малды сақтап қалу мақсатында сақтық шараларын жүргізу қажет.

Қазақ қашаннан несібесін малмен айырған халық. Ризығы мен азығын өрістегі малдан айыратын ауыл тұрғындарының төрт түлік малына жауапкершілікпен қарайтын уақыт келді.

Атап айтқанда, үй малын жайылымнан кейін уақытында қарсы алу керек. Ұрлықты тыю үшін қораларды соңғы үлгідегі техникамен жабдықтау қажет. Үй малын таңбалап, белгі қою міндетке айналу тиіс, қораларға сенімді тиектерді, құлыпты орнатқан жөн. Малды кәмелетке толмағандардың қамқорлығына немесе ұзақ уақытқа қараусыз қалдыруға болмайды.

Аталған шаралар кешені азаматтардың тыныштығы мен малдарының сақталуына кепілдік береді деген сенімдеміз.

Қазалы ауданының прокуратурасы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ – БАРШАМЫЗДЫҢ МІНДЕТІМІЗ

Ел болашағын ойлаған, өз тағдырын қазақ елімен ұштастырған әрбір азамат білуі керек бір нәрсе бар. Ол «Сыбайлас жемқорлықпен күресу – баршамыздың міндетіміз» деген қағидат. Егер осы міндетімізді барлығымыз тең орындасақ болашағымыз жарқын болмақ. Бұл жайында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы бар. Оның ішінде 6-бапта «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі» деп көрсетілген. Барлығымыз бұл жайлы білуге міндеттіміз. Олай болса аталған бапта не айтылғанына назар аударсақ:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтауды;
2. Қаржылық бақылауды;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді;
4. Мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді;
5. Кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын;
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп тексеруді;
7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды;
8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды;
9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және жариялауды қамтиды.

Бұл мемлекетіміздің әлем алдындағы мәртебесі, сенімі, келешегіне деген нық қадамдарының айғағы. Біздің еліміз жемқорлықпен күресте үлкен жұмыстар атқарып, соның арқасында тыныштық пен тұрақтылықтың, бірлік пен дамудың еліне айналды. Сондықтан әрбіріміз ел өркендеуіне үлес қосумыз керек.

Гүлсайран МЫРЗАХАНОВА,
Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің №2 бөлімінің бас маманы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА – ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпелет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді. Заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тура-

лы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта

танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке халық болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын,

абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние – байлық неге керек, денсаулығың болмаса, Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Елбасы жолдауында: «Заңды бұзған екенсің, оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ереже бар. Олай болмаған күнде біз кеңестік кездегі «заң қалай бұрсаң, солай бұралатын тәртенің» керін қайталайтын боламыз», - деп атап көрсеткен. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен сот жүйесі де жолдауда берілген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті санайды.

**А.РЫСТЫҒҰЛ,
Ғ.Мұратбаев ауылдық округі әкімі**

ҚЫРЫМ КОНГО ГЕМОМРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ

Қырым Конго геморагиялық қызбасы – адамды ауру кене шаққан кезде жұғатын вирустық ауру. Аурудың қоздырғышы табиғи ортада кенелердің, жануарлардың (ешкі,қой, сиыр, жылқы) ағзасында болады.

Аталған ауруды тудыратын иксод кенелері жылы қанды организмнің қанымен қоректенетін болғандықтан, адамдар мен жануарларға аса қауіпті жұқпалы ауру жұқтырып, зиянын тигізуде.

Кене адам ағзасының температура-сын 100 метр қашықтықта сезеді. Жүру жылдамдығы 5-7см/с, қоректенуі тәулігіне - 200 мг. қан, ал қорексіз кене бірнеше жыл тіршілік етеді. Кенелер қора-жайларда, қи қоқыста, құс ұясында, тышқан інінде, өсімдік түбінде болады.

Қырым Конго геморагиялық қызбасы ересек адамдармен қатар балалар мен жасөспірімдер арасында да жиі кездеседі. Ауылдарда балалар мен жасөспірімдер үй шаруашылығымен (мал, қора таза-лау, шөп жинау, мал бағу) айналысып, кенеден қорғануға немқұрайлы қарап, өз денсаулықтарына қауіп туғызуы жиі кездеседі және өлім жағдайына да әкелуде.

Бұл ауру адамдар табиғи ошақта болғанда кене шағу арқылы, көбіне науқастар мал қырқымы кезінде кездейсоқ кенелерді езіп жіберу немесе қайшымен қиып жіберу кезінде кененің ішіндегі биологиялық сұйықтықтармен жанасу арқылы, малдың үстіндегі кенені жалаң қолмен жұлғанда, мал сою кезінде, оны жіліктегенде және медицина-на қызметкерлері «апаттық жағдайда» (қолғаптың тесілуі), науқастың қаны

медициналық манипуляция кезінде теріге немесе көзге, ауызға тиген жағдайда жұқтырып алуы мүмкін.

Қырым қанды безгегін жұқтырған науқастар аса қауіпті. Кене сілекейарқылы адамға жұққан вирустар қанда өте жылдам көбейеді. Бірінші кезеңде адамның ыстығы 39-40 градустан асып, басы ауырып, денесі түршігіп, кейде қалшылдап, беті мен адамның шырышты қабыршақтары қызарады. Адамның дәрмені құрып, бұлшық еттері ауырып, буындары қақсап, жүрегі айнып, құсады. 2-4 күннен кейін кеселдің геморагиялық (қанды) кезеңі басталады. Науқастың жағдайы күрт нашарлап, шырышты қабыршақтары мен терілерінің кейбір жерлері қанталап, бөртіп, қызыл дақтанып кетеді. Лейкоциттер мен тромбоциттердің санының күрт азаюына байланысты адам ағзасының ауруға төзімділігінің жойылуы және қан тамырларының жарақаттануынан қанталау мен қан ағу белгілері байқалады. Адамның мұрнынан, тістерінің қызыл еттерінен, кене шаққан жерлерінен қан ағады. Іші өтіп, бауыры ауырады, сары аурудың белгілерін береді. Осы аққан қандағы көкала қоздырғыштары айналасындағылар үшін қауіпті болып табылады. Сонымен қатар ауырғандардың өлімі 50-70 пайызға дейін жетеді.

Жануарларда бұл ауру симптомсыз, белгісі жоқ, жеңіл түрде өтеді. Аталған індет мамыр, маусым және шілде айларында өршиді. Оған себеп, жартылай шөлді және шөлді аймақтарда «көкала» ауруын таратушы кенелер тіршілікке наурыз айында шығады да, қыркүйекке дейін белсенді өмір сүріп, өсіп - өнеді.

Кене шаққанда не істейсіз?

Кене шаққан жағдайда немесе денеңізге жабысқанын көрсеніз, дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Ол адамды жергілікті медициналық мекеме 14 күнге дене қызуын өлшеп, бақылауға алады. Егер осы бақылау кезінде дене қызуы көтеріліп, аурудың алғашқы белгілері басталса дереу аурухананың жұқпалы аурулар бөліміне жолданып, науқасқа арнайы ем жүргізіледі.

Кененің шабуылынан сақтану шаралары:

Табиғатқа шығар алдында сырт киімдеріңізге репелленттер (кенелерді үркітетін аэрозольдар) сеуіп алыңыз;

Ашық түсті киім киіңіз, сол кезде киімге жабысқан кене бірден көзге түседі;

Шалбардың балағын етікке немесе шұлыққа салу, ұзын жеңді, жеңінде резинасы бар киім кию, жағасы жоғары түймеленетін, капюшоны бар киімдер кию қажет;

Демалу үшін ашық, күн көзі тікелей түсетін жерді таңдаңыз, сол жерден өзіңіз көлеңке жасап алыңыз;

Үйге кірер алдында киімдеріңізді, денеңізді түгелдей қарап шығыңыз және жаныңыздағы адамдардың денесінде кененің бар жоғын жиі тексеріп отырыңыз;

Мал басын, мал қораны, ауланы қоқыстардан тазалау, көктем және күз айларында кенеге қарсы өңдеу шараларын жүргізу қажет.

**Г.ОРАЗ,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.